

Коктем келгелі Бодыктын шаруасы ко-бейді. Колы калт еткенде егістіктен табылады. Бау-бакшасын суарады, арамшобін жвлaды. Не керек, күні бойы тыным таппайды. Жердін тілін тапқан жігіттің жолы болды. Токкен тер текке кетпеді. Бау-бакша табысын еселеді. Коконістен мол онім алды. Баласынын енбегіне ата-анасы катты сүйсінді. Несін айтасыз, Бодык бакшадан байыды. Жана үй котеріп, ауласына сарай салды. Ауыл арасына катынайтын женіл колік алды. Енді ата-анасына карайтын келін керек. Акшасы бар жігітті кім жек корсін? Бодыкка жар болу – кыз-келіншектің арманы.



Откен жазда Бодык озіне серіктес тапты. Екеуінін танысуы да кызык. Жаныл акшасын шытырлатып санаган жігітке карап түрды. Сосын- жанына келді.

–Тәйірі осы да акша ма? - деді.

Жігіт әйелге жаратпай карады.

– Бул – менін адал енбегім, жаз бойы мандай теріммен тапқан. Біреуден үрлап алғаным

жок! - деді шыдай алмай.

– Мұнан да көп ақша табуға болады. Дос болсан, мол ақша табудың жолдарын үйретемін.

– Осыған да қанағат! Қазіргі жағдайым жаман емес, - деген жігіт жөніне кетті.

Базарға келгелі Бодықты бейтаныс әйел тәңірдейді. Алыстан көріп, өзі келіп амандасады. Қаптап- картоп, сәбіз алады. Оны-мұны айтып, әңгімеге тартады. Әйелдің ақшасы көп. Бодық оның тырсиган қызыл әмияның көрді. Ішінде 10 мың мен 20 мың теңгенің мұрты бұзылмаған. Жолыққан сайын- ол әмияның көрсетеді. «Алтын көрсе, періште жолдан таяды»- дегендей, жігіт ақша туралы ойланатын болды. Жаныл мол ақшаның жолдарын айтып, серіктес болуға шақырды. Бірде Бодық пияз алып тұрған танысынан кәсібін сұрады.

– Осы күнді көп күттім. Шырақ-ау, сонша бәлсіңгенің не? Баяғыдан келіскенінде пәшкі-пәшкі ақша ұстайтын едің, - деді қулаңып.

– Ештеңе көш жақсы ғой. Көрейік! - деп Бодық желкесін қасыды.

Жаныл жігітке тапсырма берді. Бау-бақша жанынан жер дайын-дауды тапсырды. Өзі болғанда егілетін-көкөністі әкелетін болды. Шаруа адамына жерді жұрту қиын ба? Техникасымен жұмысын екі-үш күнде бітірді. Ертеніне- қалаға келген оған танысы бір пакет- дәнді ұстатып жіберді. Өзірге оның тұқымы тегін екенін, кейін жиналатын уақытта есептесетінін айтты. Жігіт ойланған жоқ. Дәннен көк шөп қаптап шықты. Кәдімгі темекі сияқты. Ашқылтым иісі бар. Бодық қалың шөптің шығымына риза.

Жаныл досының егіс алқабына бірнеше рет келіп кетті. Тыриған арық әйелді жігіттің ата-анасы ұнатпады. Жүріс-тұрысы көңілге күдік тұғызатын сияқты. Баласының жұмысына араласып билеп-төстеп алыпты. Анасы оған Жанылды-н жүрісінің сүйықтау екенін айтты. Баласы шешесінің аңғалдығына күлді. Ойының қате екенін, серіктесінің өзіне жамандық ойламайтынын жеткізді.

Әне-міне дегенше егін жинайтын уақыт келді. Жанылдын темекі- дегені карасора болды. Ол Бодыктын нағыз сорына айналды. Ауыл адамдары егіндіктегі есірткіні көріп, құқық қорғау орган-дарына хабарлапты. Осылай мол ақшанын максатындағы жоспар- жүзеге аспады. Ізін жасырмақшы болып бой тасалаған әйел құрыққа ілінді. Бодык та жазасыз қалған жоқ. Соз байласуы, келі-сім-ге келгені үшін қылмыстық іс қозғалды. Қазіргі уақытта олар жазала-рын түзеу колониясында өтеуде. Қыл-мыск-ерлер ҚР Қылмыстық Кодекс-інін 262 және 259-баптары бойынша кінәлі деп танылып, 13 жылға бас бостандығынан айырылды.-

*(Кейіпкерлердің есімдері өзгертіліп алынды.)*